



Алматы қаласының Тәртіптік Кеңесі туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 9 қаңтардағы N 1/11 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 22 қаңтарда N 510 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 1/200 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 21 маусымдағы N 895 "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерістер толықтырулар енгізу туралы" Жарлығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 желтоқсандағы N 1311 Қаулысын орындау жолында Алматы қаласының Әкімшілігі, **қаулы етеді** :

1. Алматы қаласының Тәртіптік Кеңесі туралы Ереже бекітілсін (N 1 қ о с ы м ш а) .
2. Алматы қаласы Тәртіптік Кеңесінің жеке құрамы бекітілсін (N 2 қосымша).
3. Алматы қаласының Әкімінің аппарат басшысы (М.Т.Баяндаров), қаржы-шаруашылық бөлімінің меңгерушісі (Ж.Ы.Көпжанов) Тәртіптік Кеңес Хатшылығының қолда бар материалдық-техникалық аясын нығайтуда, қосымша қажетті ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз етсін.
4. Алматы қаласы Әкімінің аппарат басшысы (М.Т. Баяндаров) жоғарыда аталған Ережені белгіленген заң тәртібіне қалалық әділет басқармасында тіркеуді жүргізсін .
5. Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 20 сәуірдегі N 371 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң Ә к і м і

Әкімшілік хатшысы

N 1 қ о с ы м ш а
Алматы қ а л а с ы Әкімшілігінің
2003 ж ы л ғ ы 9 қаңтарда
1/11 қаулысымен бекітілді<*>

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 26 тамыздағы N 3/712 қаулысымен .

Алматы қаласының Тәртіптік Кеңесі туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Алматы қаласы Тәртіптік Кеңесінің мәртебесін, өкілеттігін және қызмет тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласының Тәртіптік Кеңесі (бұдан әрі-Кеңес) консультативтік-кеңесші орган болып табылады, оның қызметін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік істер жөніндегі агенттігі (бұдан әрі Агенттік) үйлестіреді, Агенттік мемлекеттік тәртіпті нығайту мәселесін, Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы заңнамаларының орындалуын қарайды, оның ішінде Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Жемқорлықпен күрес туралы" және "Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдептілігінің Ережесі туралы" Заңдарының орындалуын қадағалайды.

2. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге нормалық-құқықтық актілеріне және осы Ережеге сай жүзеге асырады және заңдылық, әділеттілік қағидаларын басшылыққа алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері

1. Алматы қаласы Әкімінің, Алматы қаласындағы аудандардың әкімдерінің, құқық қорғау органдары мен басқа аумақтық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың (бұдан әрі мемлекеттік органдар) қарауына осы Ереженің 3 тарауының 5 тармағында көрсетілген тәртіптік жауапкершілікке лауазымды тұлғаларды тартуға ұсынымдама береді, қызметтік сыпайылық ережені бұзғаны үшін немесе жемқорлық құқық бұзушылыққа барғаны үшін, тәртіптік жауапқа т а р т у ғ а ұ с ы н ы м д а м а б е р е д і .

2. Қала Әкіміне және мемлекеттік органдардың басшыларына тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде мемлекеттік тәртіпті нығайтуға ұсынымдама мен ұсыныстар беру, осы Ереженің 3-тарауының 5-тармағында көрсетілген тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманың, қызметтік әдептілік Ережесінің талаптарын сақтауы.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Комиссияның жемқорлықпен күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдептілікті сақтауы жөніндегі тапсырмаларын, азаматтардың өтініштерін, бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттарын, сондай-ақ өзге көздерден алынған сыбайлас жемқорлықпен күрес заңнамасының, қызметтік әдептілік туралы Ереженің талаптарының бұзылу фактілері туралы мәліметтерді қарайды.

4. Агенттіктің қарауына жемқорлықпен күресті ұйымдастырудың тиімділігін

көтеруге бағытталған ұсыныстарды беру, осы Ереженің 3 тарауының 5 тармағында аталған тұлғалардың қызметтік әдептілік Ережесін сақтауы.

3. Алматы қаласының Тәртіптік Кеңесі мен өкілеттігі

1. Кеңесті Алматы қаласының Әкімшілігі құрады және Кеңестің төрағасы мен мүшелерінен тұрады, олар Мәслихаттың депутаттары, жұртшылықтың өкілдері және аумақтық мемлекеттік органдардың басшылары болып табылады. Кеңес мүшелерінің саны тақ және 7 адамнан кем болмауы тиіс.

2. Алматы қаласының Әкімі Кеңестің төрағасын Агенттік Төрағасының келісімімен қызметке тағайындайды және бо сатады, оның қызметі Алматы қаласы Әкімінің орынбасары қызметіне теңестіріледі.

3. Кеңес мүшелері өз қызметтерін қоғамдық негізде жүзеге асырады және мәжілістерге тек өзі ғана қатысады.

4. Кеңес өз құзыреті шегінде мыналарға құқылы:

1) өз мәжілістерінде мемлекеттік органдардың, олардың бөлімшелері мен мәслихат аппаратының басшылары мен лауазымды тұлғаларын тыңдауға;

2) жергілікті атқарушы, құқық қорғау және аумақтық мемлекеттік органдардан, мәслихат аппаратынан, өзге ұйымдардан олардың алдында тұрған міндеттерін орындауға қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпараттарды а л ғ ы з у ғ а ;

3) Осы Ереженің 3 тарауының 5 тармағында аталған тұлғалардан ауызша және жазбаша түсініктеме алуға;

4) мемлекеттік органдардың басшыларына Осы Ереженің 3 тарауының 5 тармағында аталған және Қызметтік әдептілік Ережесіне сай тәртіп бұзушылыққа байланысты тексерулер мен қызметтік тексерулерді жүргізуге ұ с ы н ы с б е р у г е ;

5) сарапшылар мен мамандарды, мемлекеттік органдардың, ғылыми және мамандандырылған мекемелердің қызметкерлерін қорытындылар беруге, тексерулерді ұйымдастыруға тартуға;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігімен жемқорлық мәселелері бойынша аумақтық органдарымен өзара бірлесіп қызмет атқаруға .

5. Кеңес қаланың аудан әкімдеріне, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және жергілікті соттардың кеңселерінің, мемлекеттік органдардың әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің (басшылардан және олардың орынбасарларынан басқа) "Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдептілігін ұстану Ережесін бұзушыларға, сондай-ақ мемлекеттік қызметті орындауға өкілеттігі бар тұлғалар мен оларға теңестірілгендерге, мемлекеттік органдар мен жергілікті басқару органдарының және мемлекеттік ұйымдарда

немесе ұйымдарда, олардың жарғылық капиталында мемлекеттік меншік үлесі отыз пайыз құраса, аумақтық құқық қорғау органдарының жемқорлыққа тартылған лауазымды адамдарының, оларды тәртіпке шақыруға қатысты олардың тәртіптік істерін қарайды. Кеңес прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, Президенттің Күзет қызметі және Республикалық ұланның қызметкерлеріне қ а т ы с т ы і с т е р д і қ а р а м а й д ы .

6. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Комиссияның, Агенттіктің жемқорлықпен күрес, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдептілікті сақтауы мәселелері бойынша тапсырмаларды, азаматтардың өтініштерін және заңды тұлғалардың, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өтініштері бойынша Кеңес өкілетті органға немесе лауазымды тұлғаға тексеру жүргізуге өтінім бере алады.

7. Тәртіптік кеңес төрағасы қозғаған тәртіптік істі Кеңес келіп түскеннен кейін екі аптаның ішінде қарайды.

Тәртіптік іс қозғалып, мәжілісте қаралғанға дейін Кеңес алдын- ала бір ай бұрын оған қатысты істермен мұқият танысып шығады, жауапкершілікке тартылғандардан жазбаша түсініктеме алады, ал оның ісі Тәртіптік Кеңесте оның қ а т ы с у ы м е н ө т е д і .

8. Тәртіптік істі қарау нәтижесінде Кеңес мынадай шешім қабылдай алады:

1) Әкімге, жергілікті атқарушы, құқық қорғау және аумақтық мемлекеттік органдардың, мәслихат аппараттарының басшыларына осы Ереженің 3 тарауының 5-тармағында көрсетілген адамдарға тәртіптік жауапкершілік жүктеуге ұ с ы н ы м д а м а б е р е д і .

2) тәртіптік істердің материалдарын құзыретті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғаға қарауға нақты шешім қабылдауға жібереді;

3) тәртіптік істі тоқтатуға ұсынымдама береді.

9. Осы Ереженің 3 тарауында 5 тармағында аталған қылмыстық іс көрініс тапқанда, Кеңес тиісті құжаттарды құқық қорғау органдарына белгіленген заң тәртібінде қылмыстық іс қозғауға жібереді. Бұл жайында Кеңес Агенттікке хабар б е р е д і .

10. Осы Ереженің 3 тарауында 5 тармағында аталған шешімдермен келіспеген мемлекеттік қызметшілер мен өзге тұлғалар ол бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес сотқа шағымдануға құқылы.

4. Кеңес төрағасы

1. Алматы қаласы Әкімінің қарауына Кеңестің жеке құрамын қарауға ұ с ы н а д ы .

2. Кеңестің қызметін ұйымдастырып оған басшылық етеді.

3. Кеңес мәжілісінің күн тәртібін анықтайды.

4. Мәжіліс шақырып, оған төрағалық етеді.

5. Кеңес мүшесі құрамынан Кеңес мәжілісінде қаралатын нақты мәселе бойынша баяндамашыны анықтайды.

6. Тоқсан сайын Агенттік алдында Кеңестің жұмысы жайлы есеп береді, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер жіберген жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша қабылданған шешімдер жайлы да есеп береді.

7. Тоқсан сайын Әкімге Кеңестің жұмысы жайлы мәлімет береді.

8. Қазақстан Республикасы заңнамаларында оған берілген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9. Кеңес төрағасы және Хатшылықтың қызметкерлері мемлекеттік қызметшілер болып табылады.

5. Кеңес мәжілісі

1. Егер оған Кеңес мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысса құқықты болып есептеледі.

2. Қажеттілігіне қарай айына бір рет өткізіледі.

3. Ашық өткізіледі, қажет болған жағдайда егер мемлекеттік құпиялылықты немесе басқа мүддені көздеген жағдайда Кеңес төрағасының ұйғарымымен, Агенттікпен келісіліп, жабық өткізіледі.

4. Кеңес шешімі Кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болғанда төрағаның даусы шешуші болады. Төраға болмаған жағдайда оның тапсырысы бойынша мәжілісті Кеңес мүшелерінің бірі басқарады.

6. Тәртіптік Кеңестің Хатшылығы

1. Кеңестің жұмысшы органы оның Хатшылығы болып табылады, ол Әкім аппаратының жалпы құрамынан белгіленеді. Хатшылықтың құрамын Агенттік төрағасының ұсынысы бойынша Әкім тағайындайды.

2. Кеңес хатшысы Кеңес Хатшылығының меңгерушісі болып табылады, ол Алматы қаласы Әкімі аппаратының бөлім меңгерушісінің қызметіне теңестіріледі.

3. Хатшылық қызметкерлері мемлекеттік қызмет туралы заңға сәйкес қызметке тағайындалып, одан босатылады.

4. Кеңестің жұмыс органы Кеңес Төрағасының өкімімен өз құзыреті шеңберінде тексерулер жүргізеді, осы Ереженің 3 тарауының 5-тармағында көрсетілген адамдар бойынша тәртіптік істерді қарау үшін материалдар дайындайды және Кеңес қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да функцияларды жүзеге асырады.

5. Кеңестің және Хатшылықтың материалдық-техникалық, ұйымдық және ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етілуі Алматы қаласы Әкімінің аппараты атқарушы органдарды ұстауға арналған бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

Әкімшілік хатшысы

№ 2 қосымша
Алматы қаласы Әкімшілігінің
2003 жылғы 9 қаңтарда
1/11 қаулысымен бекітілді<*>

Ескерту. 2 қосымша өзгерді - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 25 мамырдағы № 3/439, 2004 жылғы 26 тамыздағы № 3/712 және 2004 жылғы 26 қарашадағы № 4/956 қаулыларымен.

**Алматы қаласының Тәртіптік Кеңесінің
жеке құрамы туралы**

Әмірқұлов Бақберген
Әуезханұлы - Кеңестің төрағасы

Кеңес мүшелері:

Халықов Қалимолла Халықұлы
- Әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық
Ұлттық университеті сот
қылмыстық істі жүргізу
кафедрасының меңгерушісі,
профессор, заң
ғылымдарының докторы,
Алматы қаласы Мәслихаты
жергілікті мемлекеттік
басқару және өзін-өзі
басқарудағы заң, құқық
қорғау мәселелері бойынша
тұрақты комиссиясының
мүшесі
Михайлович Громов Вечеслав
- Алматы қалалық
мәслихатының депутаты,
Премьер мультимедиа
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің

техникалық директоры
Бұлғақбаев Болатбек
Ақылбайұлы - Алматы қаласы
Бойынша Экономикалық
және жемқорлықпен
күрес жөніндегі
департаментінің
бастығы (қаржы
полициясы)

Ысқақов Кежек
Бершенұлы - Қазақстан
Республикасының
дербес зейнеткері,
Қазақстан
Республикасының Еңбек
сіңірген энергетигі

Оңғарбаев Саттыбек
Оңғарбайұлы - Алматы қаласының
прокуроры

Мақұлбекова Айбөпе
Мақұлбекқызы - Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет
істері жөніндегі
агенттігі Алматы
қаласы бойынша
басқарманың бастығы

Ямбаев Виктор
Вениаминович - Алматы кәсіпкерлер
қауымдастығының
вице-президенті

Асқанбайұлы Абзал
Асқанбаев - Алматы қалалық Әділет
басқармасының бастығы

Әкімшілік хатшысы

